

Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 15 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 30 желтоқсанда № 19791 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 2021 жылғы 15 ақпандағы № 6 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Стратегиялық жоспарлау және реформалар агенттігі Ұлттық статистика бюросы Басшысының 15.02.2021 № 6 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі)

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !

Осы бұйрық 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі

"Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 8) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 24 қыркүйектегі № 1011 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі туралы ереженің 17-тармағының 260) тармақшасына сәйкес, БҰЙЫРАМЫН:

1. Мыналар:

1) "Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) "Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. "Халықтың құқық қорғау органдарына сенімділік деңгейі (коды 672105239, индексі УДН, кезеңділігі жылына бір рет) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті төрағасының 2018 жылғы 10 желтоқсандағы № 2 бұйрығының (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №

17951 болып тіркелген, 2018 жылғы 21 желтоқсанда Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы Заң басқармасымен бірлесіп заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

4. Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің Статистикалық қызметті жоспарлау басқармасы осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитетінің құрылымдық бөлімшелеріне және аумақтық органдарына жұмыс бабында басшылыққа алу және пайдалану үшін жеткізсін.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

6. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялауға жатады.

Төраға

Н. Айдапкелов

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Бас прокуратурасы

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрлігі

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы

іс-қимыл агенттігі

(Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет)

КЕЛІСІЛДІ

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрлігі



Мемлекеттік статистика
органдары
құпиялылығына кепілдік
береді
Конфиденциальность
гарантируется органами
государственной
статистики

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті
төрағасының
2019 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 15 бұйрығына
1-қосымша

Жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың Приложение 1к приказу Председателя Комитета по статистикалық _____ нысаны статистике Министерства национальной экономики
 Статистическая форма общегосударственного Республики Казахстан от "___" _____ 2019 года №___
 статистического наблюдения

Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі **Уровень доверия населения к правоохранительным органам**

Индексі УДН Жылына бір рет Есепті кезең □□□□ жыл
 Индекс Один раз в год Отчетный период год

Сауал салуға 15 және одан жоғары жастағы үй шаруашылығының мүшелері қатысады
 В опросе принимают участие члены домашних хозяйств в возрасте 15 лет и старше

Т а п с ы р у м е р з і м і – 2 2 м а у с ы м

Срок представления – 22 июня

1 . Е л д і м е к е н н і ң а т а у ы

Наименование населенного пункта _____

–
 2. Әкімшілік-аумақтық объектілер жіктеуішіне (бұдан әрі - ӘАОЖ) сәйкес елді мекеннің коды
 Код населенного пункта согласно Классификатору административно-территориальных объектов (далее –
 К А Т О) □ □ □ □ □ □ □ □

3. Елді мекеннің типі (қала – 1, ауыл – 2)

Тип населенного пункта (1 – город, 2 – село) □

4 . И н т е р в ь ю е р д і ң к о д ы

К о д и н т е р в ь ю е р а □ □

5. Үй шаруашылығының реттік нөмірі

Порядковый номер домашних хозяйств □□□□

6. Сауалнама алу күні □□ күні □□ айы □□□□ жылы Дата анкетирования число месяц год

1. РЕСПОНДЕНТТЕР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТТЕР

1. СВЕДЕНИЯ О РЕСПОНДЕНТАХ

1. Жынысы

1. Пол

ер

1 мужчина

әйел

2 женщина

2. Ұлты

2. Национальность

қазақтар

1 казахи

орыстар

2 русские

өзбектер

3 узбеки

украиндар

4 украинцы

ұйғырлар

5 уйгуры

басқа ұлттар

6 другие национальности

3 .

Ж а с ы

3 .

В о з р а с т

□□

□□

4. Отбасылық жағдай	4. Семейное положение
еш уақытта некеде тұрмаған	1 никогда не состоял (а) в браке
некеде тұрады	2 состоит в браке
тұл (ер), жесір (әйел)	3 вдовец, вдова
ажырасқан	4 разведен (а)
5. Білім деңгейі	5. Уровень образования
жоғары оқу орнынан кейінгі білім	1 послевузовское образование
жоғары білім	2 высшее образование
аяқталмаған жоғары білім	3 незаконченное высшее образование
техникалық және кәсіби білім	4 техническое и профессиональное образование
жалпы орта білім	5 общее среднее образование
негізгі орта білім	6 основное среднее образование
бастауыш білім	7 начальное образование
ешқандай білім деңгейіне қол жеткізбеген	8 не достигнут никакой уровень образования
6. Жұмыспен қамтылу мәртебесі	6. Статус занятости
ұйымда жалдану бойынша жұмыс	1 работа по найму в организации
жеке тұлғаларға жалдану бойынша жұмыс	2 работа по найму у отдельных физических лиц
шаруа немесе фермер қожалығында жалдану бойынша жұмыс	3 работа по найму в крестьянском или фермерском хозяйстве
көбінесе бір тапсырыс берушімен қызмет көрсетуге азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс	4 работа по договору гражданско-правового характера на оказание услуг преимущественно с одним заказчиком
көбінесе бірнеше тапсырыс берушімен қызмет көрсетуге азаматтық-құқықтық сипаттағы шарт бойынша жұмыс	5 работа по договору гражданско-правового характера на оказание услуг преимущественно с несколькими заказчиками
өзін-өзі жұмыспен қамтыған қызметкерлер (өз есебінен жұмыс істейтіндер)	6 самостоятельные работники (работающие за свой счет)
жұмыс беруші	7 работодатель
отбасылық кәсіпорындардың (шаруашылықтардың) еңбекақы төленбейтін жұмыскерлері	8 неоплачиваемые работники семейных предприятий (хозяйств)
өндірістік кооператив мүшелері	9 члены производственного кооператива
денсаулық жағдайына байланысты жұмыс істемейді	10 не работает по состоянию здоровья
оқу (күндізгі нысан)	11 учеба (дневная форма)
үй шаруашылығымен айналысу	12 ведение домашнего хозяйства
зейнеткерлікке шығу	13 выход на пенсию
жұмыс істемейді, бірақ жұмыс іздеуде және жұмыс істеуге дайын	14 не работает, но ищет работу и готов (а) приступить к работе
жұмыс істемейді және жұмыс іздеп жүрген де жоқ	15 не работает, но и не ищет работу

2. ӨЗ ҚАУІПСІЗДІГІН ҚАБЫЛДАУ ЖӘНЕ ҚЫЛМЫСТЫЛЫҚ ДЕҢГЕЙІН СУБЪЕКТИВТІ БАҒАЛАУ

7. Тәуліктің күндізгі бөлігінде өзіңіз тұратын ауданның көшесінде жалғыз жүрсеңіз өзіңізді қаншалықты қауіпсіз сезінесіз?

- толық қауіпсіз
- жеткілікті деңгейде қауіпсіз
- қауіпсіз емес
- мүлде қауіпсіз емес
- жауап беруге қиналамын

8. Тәуліктің қараңғы бөлігінде өзіңіз тұратын ауданның көшесінде келе жатқанда өзіңізді қаншалықты қауіпсіз сезінесіз? (егер жауап болса 1 немесе 2 10-сұрақ)

- толық қауіпсіз
- жеткілікті деңгейде қауіпсіз
- қауіпсіз емес
- мүлде қауіпсіз емес
- жауап беруге қиналамын

9. Қараңғыда немесе күндіз жалғыз далаға шыққанда өзіңізді қауіпсіздікте сезінбейтіндігіңізді айттыңыз, неге? (3 жауап нұсқасынан көп болмауы керек)

- ауру/іс-әрекетке қабілеттілігі жоқ
- өте қарт адам

белгісіз/белгілі біреудің соқтығуына ұшыраудан қорқу

- жарықтың болмауы
- қараңғыдан қорқу
- жалғыз шығудан қорқу
- өзге (көрсету) _____

10. Сіз немесе сіздің отбасыңыздан біреу қандай да болсын қылмыс немесе құқыққа қайшы әрекетке ұшырауы мүмкін екендігіне Сіз қаншалықты аландайсыз?

- қатты аландаймын
- жеткілікті деңгейде аландаймын
- аздап аландаймын
- тіпті аландамаймын

2. ВОСПРИЯТИЕ СОБСТВЕННОЙ БЕЗОПАСНОСТИ И СУБЪЕКТИВНАЯ ОЦЕНКА УРОВНЯ ПРЕСТУПНОСТИ

7. Насколько Вы чувствуете себя в безопасности идя по улице один (одна) в районе своего проживания в дневное время суток?

- 1 в полной безопасности
- 2 достаточно безопасно
- 3 не безопасно
- 4 совсем не безопасно
- 5 затрудняюсь ответить

8. Насколько Вы чувствуете себя в безопасности идя по улице в районе своего проживания в темное время суток? (если вариант ответа 1 или 2 вопрос 10)

- 1 в полной безопасности
- 2 достаточно безопасно
- 3 не безопасно
- 4 совсем не безопасно
- 5 затрудняюсь ответить

9. Вы сказали, что чувствуете себя не безопасно, когда в темноте или днем один (одна) выходите на улицу, почему? (не более 3-х вариантов ответов)

- 1 болезнь/недееспособность
- 2 слишком пожилой/ая

3 страх подвергнуться нападению неизвестного/известного лица

- 4 отсутствие освещения
- 5 страх темноты
- 6 страх выходить одному
- 7 иное (указать) _____

10. Насколько Вы обеспокоены тем, что Вы или кто-нибудь из Вашей семьи может подвергнуться какому-либо преступлению или противоправному действию?

- 1 очень обеспокоен (а)
- 2 достаточно обеспокоен (а)
- 3 немного обеспокоен (а)
- 4 совсем не беспокоюсь

11. Сіз алаяқтардың есеп шотыңыздан немесе банктік картаңыздан шешіп алуы арқылы ақшалай қаражатыңызды жоғалту мүмкін екендігіне алаңдайсыз ба?

иә

жоқ

шотым (банктік картам) жоқ

11. Обеспокоены ли Вы возможностью потери денежных средств путем снятия их мошенниками со счетов или банковской карты?

1 да

2 нет

3 не имею счета (банковской карты)

12. Соңғы 12 айда қауіпсіздік мақсатында Сіз қандай істерді істеуді тоқтаттыңыз? (3 жауап нұсқасынан көп болмауы керек)

түнде үйден шығу

алып жүрушісіз кішкентай балалардың үйден шығуына рұқсат беру

туыскандар мен достарға бару

көшеде такси ұстау

үлкен ақша сомасын/банк карталарын өзіңізбен алып жүру

зергерлік бұйымдарды тағып жүру

оқу орындарына бару

ойын-сауық мекемелеріне және сауда орталықтарына бару

калыпты өмір салтында ештеңе өзгерткен жоқпын

өзге (көрсету) _____

12. Какие действия Вы перестали совершать в целях безопасности за последние 12 месяцев? (не более 3-х вариантов ответов)

1 выходить из дома по ночам

2 разрешать маленьким детям выходить из дома без сопровождения

3 посещать родственников и друзей

4 ловить такси на улице

5 носить с собой большую сумму денег/банковские карты

6 носить ювелирные изделия

7 посещать учебное заведение

8 посещать развлекательные заведения и торговые центры

9 ничего не изменил в обычном образе жизни

10 иное (указать) _____

13. Сіз тұратын аудандағы көшелерде құқық қорғау органдары қаншалықты жиі күзетте жүреді (машинамен немесе жаяу)?

кемінде күніне бір рет

кемінде аптасына бір рет

кемінде айына бір рет

сирек

ешқашан

жауап беруге қиналамын

13. Как часто правоохранные органы патрулируют (на машине или пешком) по улицам в районе Вашего проживания?

1 минимум один раз в день

2 минимум раз в неделю

3 минимум раз в месяц

4 редко

5 никогда

6 затрудняюсь ответить

14. Сіздің ойыңызша, Сіз тұратын ауданда құқық қорғау органдары құқық тәртібін қаншалықты қамтамасыз етеді?

айтарлықтай дәрежеде

жеткілікті деңгейде

төмен деңгейде

мүлдем бақыламайды

жауап беруге қиналамын

14. По Вашему мнению, насколько правоохранные органы обеспечивают правопорядок в районе Вашего проживания?

1 в значительной степени

2 на достаточном уровне

3 на низком уровне

4 вообще не контролируют

5 затрудняюсь ответить

15. Сіз өзіңіз тұратын аудандағы қауіпсіздік деңгейін жалпы қалай бағалайсыз?

- толық қанағаттанарлық
- жеткілікті деңгейде қанағаттанарлық
- қанағаттанарлықсыз
- жауап беруге қиналамын

16. Сіздің көзқарасыңыз бойынша Сіз тұратын аудандағы соңғы 12 айдағы қылмыстылық деңгейі?

- ұлғайды
- төмендеді
- сол деңгейде қалды
- жауап беруге қиналамын

17. Сіздің ойыңызша құқық қорғау органдары азаматтардың құқығын қорғау және қауіпсіздігін қамтамасыз етуді жақсарту үшін қандай 3 негізгі шаралар қолдануы керек? (бұл сұрақта респондент 3 жауап нұсқасына дейін таңдауына болады)

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын өзгерту

құқық қорғау органдары қызметкерлерінің біліктілік деңгейін арттыру

құқық қорғау органдарының қызметін бақылауды арттыру

құқық қорғау органдары қызметкерлерінің еңбекақысын жоғарылату

құқық қорғау органдары қызметінің ашықтық дәрежесін арттыру

халық арасында құқықтық сауаттылықты арттыру бойынша іс-шаралар өткізу

құқық қорғау органдары қызметкерлерінің штатын ұлғайту, техникалық жабдықталуын жақсарту

көшелерді жиі күзету, телефон қоңырауларына және халықтың өтініштеріне жедел ден қою

көшелерді жедел бейнетіркегіштермен (бейнекамералармен) жабдықтау

құқық қорғау органдарына қызметкерлерді іріктеу қағидасын күшейту

құқық қорғау органдарының жұмысын және азаматтардың оң үн қатуын көбірек жариялау

халық алдында үнемі есеп беру

азаматтардың қатарынан күзету үшін ерікті жасақтарды құру

15. Как Вы в целом, оцениваете уровень безопасности в районе Вашего проживания?

- 1 вполне удовлетворительно
- 2 достаточно удовлетворительно
- 3 неудовлетворительно
- 4 затрудняюсь ответить

16. На Ваш взгляд, уровень преступности в районе Вашего проживания, за последние 12 месяцев?

- 1 возрос
- 2 снизился
- 3 остался на том же уровне
- 4 затрудняюсь ответить

17. По Вашему мнению, какие 3 основные меры нужно предпринять правоохранительным органам, для улучшения защиты прав и обеспечения безопасности граждан? (в этом вопросе респондент может выбрать не более 3-х вариантов ответов)

- 1 изменить действующее законодательство Республики Казахстан
- 2 повысить уровень квалификации сотрудников правоохранительных органов
- 3 повысить контроль за деятельностью правоохранительных органов
- 4 повысить заработную плату сотрудникам правоохранительных органов
- 5 повысить степень прозрачности деятельности правоохранительных органов
- 6 проводить мероприятия по повышению правовой грамотности среди населения
- 7 увеличить штат сотрудников, улучшить техническую оснащенность правоохранительных органов
- 8 чаще патрулировать на улицах, оперативно реагировать на телефонные звонки и обращения населения
- 9 оснащать улицы оперативными видеорегистраторами (видеокамерами)
- 10 ужесточить правила отбора сотрудников в правоохранительные органы
- 11 больше освещать работу правоохранительных органов и положительные отклики граждан
- 12 регулярная отчетность перед населением
- 13 создать добровольные отряды для патрулирования из числа граждан

барлық көшелерді жарықпен қамтамасыз ету
жауап беруге қиналамын
өзге (көрсету) _____

14 обеспечить все улицы освещением

15 затрудняюсь ответить

16 иное (указать) _____

3. СЕНІМДІЛІК ДӘРЕЖЕСІ

3. СТЕПЕНЬ ДОВЕРИЯ

18. Егер Сіз жасалған қылмыстың куәгері болсаңыз, ол туралы құқық қорғау органдарына хабарлайсыз ба?

18. Если бы Вы стали свидетелем совершения преступления, заявили бы Вы об этом правоохранительным органам?

иә

1 да

жоқ

2 нет

19. Егер Сіз қандай да бір қылмыстан зиян шеккен жағдайда, кімге жүгінер едіңіз? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

19. В случае если бы Вы пострадали от какого-либо преступления, к кому бы Вы обратились? (возможно несколько вариантов ответа)

құқық қорғау органдары 21-сұрақ

1 правоохранительные органы вопрос 21

жергілікті атқару органдары (әкімдіктер)

2 местные исполнительные органы (акиматы)

сот

3 суд

саяси партияларды қоса алғанда қоғамдық бірлестіктер

4 общественные объединения, включая политические партии

БАҚ*

5 СМИ*

достар (таныстар)

6 друзья (знакомые)

туыстар

7 родственники

ешкімге жүгінбес едім

8 ни к кому бы не обратился

Е с к е р т п е :

П р и м е ч а н и е :

* БАҚ – Бұқаралық ақпарат құралдары

* СМИ – Средства массовой информации

20. Сіз құқық қорғау органдарына жүгінуден неліктен бас тартар едіңіз?

20. Почему бы Вы не стали обращаться в правоохранительные органы?

құқық қорғау органдары жұмысының оң нәтижелі болатынына сенбейтіндіктен

1 не верю в положительный результат работы правоохранительных органов

жариялағым келмейтіндіктен

2 не хотел (а) бы огласки

құқық қорғау органдарын сыбайлас деп ойлайтындығымнан

3 считаю, что правоохранительные органы коррумпированы

созбалауға байланысты көп уақыт алады

4 занимает много времени по причине волокиты

21. Сіз құқық қорғау органдары Сізді және Сіздің мүдденізді қорғайтынына сенімдісіз бе?

21. Как Вы считаете, правоохранительные органы смогут защитить Вас и Ваши интересы?

иә

1 да

жоқ

2 нет

жауап беруге қиналамын

3 затрудняюсь ответить

22. Мынадай пікірмен Сіз қаншалықты келісесіз немесе келіспейсіз?

22. Насколько Вы согласны или не согласны со следующим утверждением?

прокуратура органдарына сенуге болады	органам прокуратуры можно доверять
толық келісемін 23-сұрақ	1 полностью согласен/согласна 23 вопрос
ішінара келісемін 23-сұрақ	2 частично согласен/согласна 23 вопрос
ішінара келіспеймін 24-сұрақ	3 частично не согласен/согласна 24 вопрос
толық келіспеймін 24-сұрақ	4 полностью не согласен/согласна 24 вопрос
бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін 26-сұрақ	5 никогда не сталкивался с данной структурой 26 вопрос

23. Сіз прокуратура органдарына неге сенесіз? (жауаптан кейін 25- сұраққа)

менің жүгінуіме жедел ден қойылды	1 оперативно среагировали на мое обращение
менің жүгінуім кезінде оң нәтиже болды	2 был положительный результат при моем обращении
қызметкерлердің жоғарғы кәсібилігі	3 высокий профессионализм сотрудников
БАҚ-ғы ақпарат	4 информация в СМИ
менің достарым мен таныстарымның оң тәжірибесі мен пікірі	5 положительный опыт и мнение моих друзей и знакомых
көмек көрсететіндігіне сену	6 уверенность в оказании помощи
өзге (көрсету) _____	7 иное (указать) _____

24. Сіздің прокуратура органдарына сенбеуіңіздің немесе сенімділік деңгейінің төмен болуының себебі? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

қызметкерлердің кәсібилік деңгейі төмен	1 низкий уровень профессионализма сотрудников
қызметі халықты қорғауға емес көбінесе жазалау шараларымен байланысты	2 деятельность чаще связана с мерами наказания, чем с защитой прав граждан
бұдан бұрын кездестік және оң нәтиже болмады	3 ранее сталкивались и не получили положительного результата
қорқыныш сезінемін	4 испытываю страх
оларды сыбайлас деп санаймын	5 считаю, что они коррумпированы
өзге (көрсету) _____	6 иное (указать) _____

25. Сіздің прокуратура органдарына сенуіңізге немесе сенбеуіңізге кім немесе не әсерін тигізді? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

өзімнің тәжірибем	1 личный опыт
БАҚ жарияланымдары және хабарламалары	2 публикации и сообщения в СМИ
интернет	3 интернет
достар (таныстар)	4 друзья (знакомые)
туыстар	5 родственники
құқық қорғау органдарының әрекеті немесе әрекетсіздігі	6 действие или бездействие правоохранительных органов
өзге (көрсету) _____	7 иное (указать) _____

26. Прокуратура органдарының ашықтық деңгейін (қолжетімділік) көрсетіңіз

26. Укажите, пожалуйста, степень открытости (доступности) органов прокуратуры

жоғары дәрежеде	1	высокая степень
орташа дәрежеде	2	средняя степень
төмен дәрежеде	3	низкая степень
жауап беруге қиналамын	4	затрудняюсь ответить

27. Мынадай пікірмен Сіз қаншалықты келісесіз немесе келіспейсіз?

полиция органдарына сенуге болады

толық келісемін 28-сұрақ

ішінара келісемін 28-сұрақ

ішінара келіспеймін 29-сұрақ

толық келіспеймін 29-сұрақ

бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін 31-сұрақ

27. Насколько Вы согласны или не согласны со следующим утверждением?

органам полиции можно доверять

1 полностью согласен/согласна 28 вопрос

2 частично согласен/согласна 28 вопрос

3 частично не согласен/согласна 29 вопрос

4 полностью не согласен/согласна 29 вопрос

5 никогда не сталкивался с данной структурой 31 вопрос

28. Сіз полиция органдарына неге сенесіз? (жауаптан кейін 30-сұраққа)

менің жүгінуіме жедел ден қойылды

менің жүгінуім кезінде оң нәтиже болды

қызметкерлердің жоғарғы кәсібилігі

БАҚ-ғы ақпарат

менің достарым мен таныстарымның оң тәжірибесі мен пікірі

көмек көрсететіндігіне сену

өзге (көрсету) _____

28. Почему Вы доверяете органам полиции? (после ответа к вопросу 30)

1 оперативно среагировали на мое обращение

2 был положительный результат при моем обращении

3 высокий профессионализм сотрудников

4 информация в СМИ

5 положительный опыт и мнение моих друзей и знакомых

6 уверенность в оказании помощи

7 иное (указать) _____

29. Сіздің полиция органдарына сенбеуіңіздің немесе сенімділік деңгейінің төмен болуының себебі? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

қызметкерлердің кәсібилік деңгейі төмен

қызметі халықты қорғауға емес көбінесе жазалау шараларымен байланысты

бұдан бұрын кездестік және оң нәтиже болмады

қорқыныш сезінемін

оларды сыбайлас деп санаймын

өзге (көрсету) _____

29. В чем причина Вашего недоверия или низкой степени доверия органам полиции? (возможно несколько вариантов ответа)

1 низкий уровень профессионализма сотрудников

2 деятельность чаще связана с мерами наказания, чем с защитой прав граждан

3 ранее сталкивались и не получили положительного результата

4 испытываю страх

5 считаю, что они коррумпированы

6 иное (указать) _____

30. Сіздің полиция органдарына сенуіңізге немесе сенбеуіңізге кім немесе не әсерін тигізді? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

өзімнің тәжірибем

БАҚ жарияланымдары және хабарламалары

интернет

достар (таныстар)

30. Кто или что повлияло на Ваше доверие или недоверие к органам полиции? (возможно несколько вариантов ответа)

1 личный опыт

2 публикации и сообщения в СМИ

3 интернет

4 друзья (знакомые)

туыстар	5	родственники
құқық қорғау органдарының әрекеті немесе әрекетсіздігі	6	действие или бездействие правоохранительных органов
өзге (көрсету) _____	7	иное (указать) _____
31. Полиция органдарының ашықтық деңгейін (қолжетімділік) көрсетіңіз	31.	Укажите, пожалуйста, степень открытости (доступности) органов полиции
жоғары дәрежеде	1	высокая степень
орташа дәрежеде	2	средняя степень
төмен дәрежеде	3	низкая степень
жауап беруге қиналамын	4	затрудняюсь ответить
32. Мынадай пікірмен Сіз қаншалықты келісесіз немесе келіспейсіз?	32.	Насколько Вы согласны или не согласны со следующим утверждением?
сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке сенуге болады		антикоррупционной службе можно доверять
толық келісемін 33-сұрақ	1	полностью согласен/согласна 33 вопрос
ішінара келісемін 33-сұрақ	2	частично согласен/согласна 33 вопрос
ішінара келіспеймін 34-сұрақ	3	частично не согласен/согласна 34 вопрос
толық келіспеймін 34-сұрақ	4	полностью не согласен/согласна 34 вопрос
бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін 36-сұрақ	5	никогда не сталкивался с данной структурой 36 вопрос
33. Сіз сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке неге сенесіз? (жауаптан кейін 35-сұраққа)	33.	Почему Вы доверяете антикоррупционной службе ? (после ответа к вопросу 35)
менің жүгінуіме жедел ден қойылды	1	оперативно среагировали на мое обращение
менің жүгінуім кезінде оң нәтиже болды	2	был положительный результат при моем обращении
қызметкерлердің жоғарғы кәсібилігі	3	высокий профессионализм сотрудников
БАҚ-ғы ақпарат	4	информация в СМИ
менің достарым мен таныстарымның оң тәжірибесі мен пікірі	5	положительный опыт и мнение моих друзей и знакомых
көмек көрсететіндігіне сену	6	уверенность в оказании помощи
өзге (көрсету) _____	7	иное (указать) _____
34. Сіздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке сенбеуіңіздің немесе сенімділік деңгейінің төмен болуының себебі? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)	34.	В чем причина Вашего недоверия или низкой степени доверия антикоррупционной службе? (возможно несколько вариантов ответа)
қызметкерлердің кәсібилік деңгейі төмен	1	низкий уровень профессионализма сотрудников
қызметі халықты қорғауға емес көбінесе жазалау шараларымен байланысты	2	деятельность чаще связана с мерами наказания, чем с защитой прав граждан
бұдан бұрын кездестік және оң нәтиже болмады	3	ранее сталкивались и не получили положительного результата
қорқыныш сезінемін	4	испытываю страх
оларды сыбайлас деп санаймын	5	считаю, что они коррумпированы
өзге (көрсету) _____	6	иное (указать) _____

35. Сіздің сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметке сенуіңізге немесе сенбеуіңізге кім немесе не әсерін тигізді? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

өзімнің тәжірибем

БАҚ жарияланымдары және хабарламалары интернет

достар (таныстар)

туыстар

құқық қорғау органдарының әрекеті немесе әрекетсіздігі

өзге (көрсету) _____

35. Кто или что повлияло на Ваше доверие или недоверие к антикоррупционной службе? (возможно несколько вариантов ответа)

1 личный опыт

2 публикации и сообщения в СМИ

3 интернет

4 друзья (знакомые)

5 родственники

6 действие или бездействие правоохранительных органов

7 иное (указать) _____

36. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметінің ашықтық деңгейін (қолжетімділік) көрсетіңіз

жоғары дәрежеде

орташа дәрежеде

төмен дәрежеде

жауап беруге қиналамын

36. Укажите, пожалуйста, степень открытости (доступности) антикоррупционной службы

1 высокая степень

2 средняя степень

3 низкая степень

4 затрудняюсь ответить

37. Мынадай пікірмен Сіз қаншалықты келісесіз немесе келіспейсіз?

экономикалық тергеу қызметіне (экономикалық және қаржылық қылмыстар, "көлеңкелі" экономика саласындағы қылмыстар) сенуге болады

толық келісемін 38-сұрақ

ішінара келісемін 38-сұрақ

ішінара келіспеймін 39-сұрақ

толық келіспеймін 39-сұрақ

бұл құрылыммен ешқашан кездескен емеспін 41-сұрақ

37. Насколько Вы согласны или не согласны со следующим утверждением?

службе экономических расследований (экономические и финансовые преступления, преступления в сфере "теневой" экономики) можно доверять

1 полностью согласен/согласна 38 вопрос

2 частично согласен/согласна 38 вопрос

3 частично не согласен/согласна 39 вопрос

4 полностью не согласен/согласна 39 вопрос

5 никогда не сталкивался с данной структурой 41 вопрос

38. Сіз экономикалық тергеу қызметіне неге сенесіз? (жауаптан кейін 40 - сұраққа)

менің жүгінуіме жедел ден қойылды

менің жүгінуім кезінде оң нәтиже болды

қызметкерлердің жоғарғы кәсібилігі

БАҚ-ғы ақпарат

менің достарым мен таныстарымның оң тәжірибесі мен пікірі

көмек көрсететіндігіне сену

өзге (көрсету) _____

38. Почему Вы доверяете службе экономических расследований? (после ответа к вопросу 40)

1 оперативно среагировали на мое обращение

2 был положительный результат при моем обращении

3 высокий профессионализм сотрудников

4 информация в СМИ

5 положительный опыт и мнение моих друзей и знакомых

6 уверенность в оказании помощи

7 иное (указать) _____

39. Сіздің экономикалық тергеу қызметіне сенбеуіңіздің немесе сенімділік деңгейінің төмен болуының себебі? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

қызметкерлердің кәсібилік деңгейі төмен

қызметі халықты қорғауға емес көбінесе жазалау шараларымен байланысты

бұдан бұрын кездестік және оң нәтиже болмады

қорқыныш сезінімін

оларды сыбайлас деп санаймын

өзге (көрсету) _____

39. В чем причина Вашего недоверия или низкой степени доверия службе экономических расследований? (возможно несколько вариантов ответа)

1 низкий уровень профессионализма сотрудников

2 деятельность чаще связана с мерами наказания, чем с защитой прав граждан

3 ранее сталкивались и не получили положительного результата

4 испытываю страх

5 считаю, что они коррумпированы

6 иное (указать) _____

40. Сіздің экономикалық тергеу қызметіне сенуіңізге немесе сенбеуіңізге кім немесе не әсерін тигізді? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

өзімнің тәжірибем

БАҚ жарияланымдары және хабарламалары

интернет

достар (таныстар)

туыстар

құқық қорғау органдарының әрекеті немесе әрекетсіздігі

өзге (көрсету) _____

40. Кто или что повлияло на Ваше доверие или недоверие к службе экономических расследований? (возможно несколько вариантов ответа)

1 личный опыт

2 публикации и сообщения в СМИ

3 интернет

4 друзья (знакомые)

5 родственники

6 действие или бездействие правоохранительных органов

7 иное (указать) _____

41. Экономикалық тергеу қызметінің ашықтық деңгейін (қолжетімділік) көрсетіңіз

жоғары дәрежеде

орташа дәрежеде

төмен дәрежеде

жауап беруге қиналамын

41. Укажите, пожалуйста, степень открытости (доступности) службы экономических расследований

1 высокая степень

2 средняя степень

3 низкая степень

4 затрудняюсь ответить

42. Сіз құқық қорғау органдары қызметкерлерінің заңсыз әрекетіне немесе әрекетсіздігіне кездестіңіз бе?

өзім кездестім

достар (таныстар) кездесті

туыстарым кездесті

ешқашан кездескен жоқпын 45-сұрақ

42. Сталкивались ли Вы с незаконными действиями или бездействием сотрудников правоохранительных органов?

1 лично сталкивался

2 друзья (знакомые) сталкивались

3 родственники сталкивались

4 никогда не сталкивался вопрос 45

43. Жоғарыда көрсетілген құқық қорғау органдарының заңсыз әрекетіне немесе әрекетсіздігіне шағыммен жүгіндіңіз бе?

иә

43. Было ли обращение с жалобой на вышеуказанные незаконные действия или бездействие сотрудников правоохранительных органов?

1 да

жоқ 2 нет
жауап беруге қиналамын 3 затрудняюсь ответить

44. Сіз қалай ойлайсыз, құқық қорғау органдары қызметкерлері тарапынан заңсыз әрекет немесе әрекетсіздік болған жағдайда шағыммен жүгінгенде жағдай жақсы жағына қарай өзгереді ме?

иә 1 да
жоқ 2 нет
жауап беруге қиналамын 3 затрудняюсь ответить

45. Сізден құқық қорғау органдарының жұмысына жәрдем көрсетуді сұраған жағдайда Сіз қандай әрекет жасар едіңіз?

әрдайым қолдан келерлік жәрдем көрсетемін 1 всегда окажу посильную помощь
егер қылмыс жасалған болса жәрдем көрсетемін 2 окажу содействие, в случае если совершено преступление
егер ынталандырылатын болса жәрдем көрсетемін 3 окажу содействие, если это будет поощряться
өзім жалғыз жәрдем көрсетпеймін тек басқа азаматтармен бірлесіп 4 в одиночку не буду оказывать содействие, только совместно с другими гражданами
қорқу себебі бойынша бас тартамын 5 откажусь по причине страха
жәрдем көрсетпеймін 6 не буду оказывать содействие

4. ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАР ТУРАЛЫ МӘЛІМЕТ

46. Сізге немесе Сіздің үй шаруашылығыңыздың мүшелеріне қатысты қандай да бір қылмыс немесе құқыққа қайшы әрекет жасалды ма?

иә, соңғы 12 айда 1 да, за последнее 12 месяцев
иә, соңғы 3 жылда 2 да, за последнее 3 года
жоқ 57-сұрақ 3 нет вопрос 57
жауап беруден бас тартамын 57-сұрақ 4 отказываюсь отвечать вопрос 57

47. Сізге немесе Сіздің үй шаруашылығыңыздың мүшелеріне қатысты қандай қылмыс түрлері жасалды? (жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)

ұрлық 1 кража
тонау 2 грабеж
алаяқтық 3 мошенничество
автомобильді ұрлау (айдап әкету) 4 кражи автомобилей (угон)
денсаулыққа зиян келтіру (ауыр, ауырлығы орташа, жеңіл) 5 причинение вреда здоровью (тяжкий, средней тяжести, легкий)

44. Как Вы считаете, в случае незаконных действий или бездействия со стороны сотрудников правоохранительных органов, изменится ли ситуация к лучшему если обратиться с жалобой?

45. Как Вы поступите, если Вас попросят оказать содействие в работе правоохранительных органов?

4. СВЕДЕНИЯ О ПРАВОНАРУШЕНИЯХ

46. Было ли совершено какое-либо преступление либо противоправное действие в отношении Вас или членов Вашего домохозяйства?

47. Какие виды преступления были совершены в отношении Вас или членов Вашего домохозяйства? (возможно несколько вариантов ответа)

зорлау және зорлауға оқталу	6 изнасилование и покушение на изнасилование
бұзақылық	7 хулиганство
сыбайлас жемқорлық	8 коррупция
қорқытып алу	9 вымогательство
өртеу	10 поджог
жол-көлік оқиғасы(қағу)	11 дорожно-транспортное происшествие (наезд)
өзге (көрсету) _____	12 иное (указать) _____

48. Соңғы құқық бұзушылық немесе құқыққа қайшы әрекет қай жерде болды немесе орын алды?

- 1 үйде (үй-жай ішінде)
- 2 тұрып жатқан ауданда
- 3 басқа елді мекенде
- 4 жұмыста
- 5 қоғамдық көлікте
- 6 сауда объектілерінде (дүкен, базар)
- 7 өзге (көрсету) _____

48. Где произошло или имело место последнее преступление или противоправное действие?

- 1 дома (внутри помещения)
- 2 в районе проживания
- 3 в другом населенном пункте
- 4 на работе
- 5 в общественном транспорте
- 6 на торговых объектах (магазин, рынок)
- 7 иное (указать) _____

49. Сіз осы қылмыс немесе құқыққа қайшы әрекеттер бойынша өтінішпен құқық қорғау органдарына жүгіндіңіз бе?

- 1 иә 51-сұрақ
- 2 жоқ

49. Обращались ли Вы в правоохранительные органы с заявлением по поводу данного преступления или противоправного действия?

- 1 да вопрос 51
- 2 нет

50. Сіз құқық қорғау органдарына неге жүгінбедіңіз?
(жауаптың бірнеше нұсқасы болуы мүмкін)
(жауаптан кейін 57-сұраққа)

құқық қорғау органдарына жүгінуге құқық бұзушылық елеусіз деп санадым

жариялағым келмеді

құқық қорғау органдары жұмысының оң нәтижелі болатынына сенбедім

туыстарым айнытты

құқық қорғау органының қызметкері айнытты

құқық бұзушының тарапынан болған қысым салдарынан

құқық қорғау органдары сыбайласқан деп ойлаймын

өз бетінше іс-әрекет жасады

созбалауға байланысты көп уақыт алады

құқық қорғау органдарына шағым беру рәсімдерін білмедім

өзге (көрсету) _____

50. Почему Вы не обратились в правоохранительные органы?
(возможно несколько вариантов ответа)
(после ответа к вопросу 57)

- 1 посчитал (а) правонарушение не достаточно серьезным для обращения в правоохранительные органы
- 2 не хотел (а) огласки
- 3 не верил (а) в положительный результат работы правоохранительных органов
- 4 отговорили родственники
- 5 отговорил сотрудник правоохранительного органа
- 6 вследствие давления со стороны правонарушителя
- 7 считаю, что правоохранительные органы коррумпированы
- 8 совершил самостоятельные действия
- 9 занимает много времени по причине волокиты
- 10 не знал (а) процедуры подачи заявления в правоохранительные органы
- 11 иное (указать) _____

<p>51. Сіз нақты қандай құқық қорғау органдарына жүгіндіңіз?</p> <p>прокуратура органдары</p> <p>полиция органдары</p> <p>сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет</p> <p>экономикалық тергеу қызметі (экономикалық және қаржылық қылмыстар, "көлеңкелі" экономика саласындағы қылмыстар)</p>	<p>51. В какие именно правоохранительные органы Вы обращались?</p> <p>1 органы прокуратуры</p> <p>2 органы полиции</p> <p>3 антикоррупционная служба</p> <p>4 служба экономических расследований (экономические и финансовые преступления, преступления в сфере "теневой" экономики)</p>
<p>52. Сіздің өтінішіңіз қабылданды (тіркелді) ма?</p> <p>иә 54-сұрақ</p> <p>жоқ</p>	<p>52. Было ли принято (зарегистрировано) Ваше заявление?</p> <p>1 да вопрос 54</p> <p>2 нет</p>
<p>53. Неліктен сіздің өтінішіңіз қабылданбады? (жауаптан кейін 57-сұраққа)</p> <p>қылмыс құрамының жоқтығынан</p> <p>ұсақ-түйек құқық бұзушылық (бұзақылық, ұялы телефонды ұрлау және тағы басқа)</p> <p>ауызша нысанда қарастыруға уәде берді</p> <p>жауап беруге қиналамын</p> <p>өзге (көрсету) _____</p>	<p>53. В связи с чем Ваше заявление не было принято? (после ответа к вопросу 57)</p> <p>1 отсутствие состава преступления</p> <p>2 мелкое правонарушение (хулиганство, кража мобильного телефона и так далее)</p> <p>3 в устной форме пообещали разобраться</p> <p>4 затрудняюсь ответить</p> <p>5 иное (указать) _____</p>
<p>54. Сіздің өтінішіңіз бойынша тергеу нәтижелері туралы Сізге хабарлады ма?</p> <p>иә</p> <p>жоқ</p>	<p>54. Сообщили ли Вам о результатах расследования по Вашему заявлению?</p> <p>1 да</p> <p>2 нет</p>
<p>55. Сіздің өтінішіңіз бойынша қылмыс жасаған кінәлі адамдар анықталды ма?</p> <p>иә</p> <p>жоқ</p>	<p>55. Были ли установлены виновные лица в совершении преступления по Вашему заявлению?</p> <p>1 да</p> <p>2 нет</p>
<p>56. Сіздің өтінішіңіз бойынша тергеу нәтижелері Сізді қанағаттандырды ма?</p> <p>иә</p> <p>жоқ</p>	<p>56. Были ли Вы удовлетворены результатом расследования по Вашему заявлению?</p> <p>1 да</p> <p>2 нет</p>
<p>57. Біз сұхбатты аяқтаймыз. Сіздің өміріңізде құқық қорғау органдары қызметімен байланысты Сіздің айтқыңыз келген, бірақ біз оған қатысты сұрамаған қандай да болмасын қосымша мәліметтер бар ма? Сізде қандай да бір қосымша пікірлер немесе толықтырулар бар ма?</p>	<p>57. Мы завершаем интервью. Есть ли какие-либо дополнительные сведения о каких-либо событиях в Вашей жизни, связанных с деятельностью правоохранительных органов, о которых Вы хотели бы сообщить и в отношении которых мы не задали вопросы? Есть ли у Вас какие-либо комментарии или дополнения?</p>

58. Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақытты көрсетіңіз, сағатпен (қажеттісін қоршаңыз)

58. Время, затраченное на заполнение статистической формы, в часах (нужное обвести)

1 сағатқа дейін до 1 часа

1-2 2-4

$\frac{4}{8}$ 8-40 40 сағаттан артық более 40 часов

**ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫҢЫЗ ҮШІН АЛҒЫС АЙТАМЫЗ!
БЛАГОДАРИМ ЗА СОТРУДНИЧЕСТВО!**

Қазақстан Республикасы
Ұлттық экономика министрлігі
Статистика комитеті төрағасының
2019 жылғы 23 желтоқсандағы
№ 15 бұйрығына
2-қосымша

"Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық

1. Осы "Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 12-бабы 8) тармақшасына сәйкес әзірленді және "Халықтың құқық қорғау органдарына деген сенімділік деңгейі" (индексі УДН, кезеңділігі жылына бір рет) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын (бұдан – әрі статистикалық нысан) толтыруды нақтылайды.

2. Осы Нұсқаулықта Заңда айқындалған мәндердегі ұғымдар, сондай – ақ осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында мынадай анықтамалар пайдаланылады:

1) алаяқтық – бөтеннің мүлкін жымқыру немесе алдау немесе сенімді теріс пайдалану жолымен бөтен мүлікке құқықты иемдену;

2) бұзақылық – қоғамды құрметтемеу анық көрінетін, азаматтарға күш қолданумен не оны қолдану қатерін төндірумен, сол сияқты бөтеннің мүлкін жоюмен немесе бүлдірумен не барынша арсыздықпен ерекшеленетін әдепсіз әрекеттер жасаумен ұштасқан қоғамдық тәртіпті аса қатыгездікпен бұзу;

3) денсаулыққа ауыр зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті зиян не денсаулыққа: көру, сөйлеу, есту қабілетінен немесе қандай да бір ағзадан айырылуға; ағзаның өз функцияларын жоғалтуына; бет-әлпетінің қалпына келмейтіндей бұзылуына; жалпы еңбек қабілетінің кемінде үштен бірін айтарлықтай тұрақты түрде жоғалтумен ұласқан денсаулықтың бұзылуына; кәсіби еңбек қабілетін толық жоғалтуға; жүктілікті үзуге; психиканың бұзылуына; нашақорлықпен немесе уытқұмарлықпен ауыруға әкеп соққан өзге де зиян;

4) денсаулыққа ауырлығы орташа зиян – адамның денсаулығына, оның өміріне қауіпті емес, денсаулықтың ұзақ уақыт (жиырма бір күннен астам мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (үштен бір бөлігінен кем) тұрақты түрде айтарлықтай жоғалтуға әкеп соққан зиян;

5) денсаулыққа жеңіл зиян – денсаулықтың қысқа мерзімге (жиырма бір күннен аспайтын мерзімге) бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін (оннан бір бөлігінен кем) тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан адамның денсаулығына келтірілген зиян;

6) жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

7) зорлау - жәбірленушіге немесе басқа адамдарға күш қолданып немесе оны қолдану қатерін төндіріп не жәбірленушінің дәрменсіз күйін пайдаланып жыныстық қатынас жасау;

8) қорқытып алушылық – күш қолдану не бөтеннің мүлкін жою немесе бүлдіру қатерін төндіріп, сол сияқты жәбірленушіні немесе оның жақындарын масқаралайтын мәліметтерді не жариялануы жәбірленушінің немесе оның жақындарының мүдделеріне елеулі зиян келтіруі мүмкін өзге де мәліметтерді тарату қатерін төндіріп бөтеннің мүлкін немесе мүлікке құқықты беруді немесе мүліктік сипаттағы басқа да әрекеттер жасауды талап ету;

9) құқық қорғау органы – адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарының, жеке және заңды тұлғалардың, мемлекеттің заңды мүдделерінің сақталуы мен қорғалуын қамтамасыз ететін, өз құзыретіне сәйкес қылмыстылыққа және өзге де құқық бұзушылықтарға қарсы іс-қимыл жөніндегі мемлекеттің саясатын іске асыратын, заңдылықты қамтамасыз ету мен қоғамдық тәртіпті қолдау, құқық бұзушылықтарды анықтау, алдын алу, жолын кесу, тергеу, қылмыстық істер бойынша сот шешімдерін атқару жөнінде арнаулы өкілеттіктер берілген мемлекеттік орган;

10) қылмыс – 2014 жылғы 3 шілдедегі Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексімен айыппұл салу, түзеу жұмыстары, қоғамдық жұмыстарға тарту, бас бостандығын шектеу, бас бостандығынан айыру немесе өлім жазасы түріндегі жазалау қатерімен тыйым салынған айыпты жасалған, қоғамға қауіпті іс-әрекет (әрекет немесе әрекетсіздік) қылмыс деп танылады;

11) сыбайлас жемқорлық – жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдардың, мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамдарға теңестірілген адамдардың, лауазымды адамдардың өздерінің лауазымдық (қызметтік) өкілеттіктерін және соған байланысты мүмкіндіктерін жеке өзі немесе делдалдар арқылы жеке өзіне не үшінші тұлғаларға мүліктік (мүліктік емес) игіліктер мен артықшылықтар алу немесе табу мақсатында заңсыз пайдалануы, сол сияқты игіліктер мен артықшылықтарды беру арқылы осы адамдарды параға сатып алу;

12) тонау – бөтеннің мүлкін ашық жымқыру;

13) ұрлық – бөтеннің мүлкін жасырын жымқыру.

3. Статистикалық нысанды интервьюер үй шаруашылығының 15 және одан жоғары жастағы бір мүшесіне толтырады.

Үй шаруашылығында статистикалық нысаның талаптарына сәйкес келетін біреуден көп респондент тұрып жатқанда сауал салу үшін респонденті іріктеу "ең жақын туған күн" әдісімен жүзеге асырылады (туған күні ең жақын кезеңде болатын үй шаруашылығының мүшесі таңдалады).

Жалпымемлекеттік статистикалық байқау жылына бір рет 13 мамырдан бастап 22 маусым аралығында өткізіледі. Статистикалық нысанды сауал салуды жүргізуге уәкілетті адам (бұдан әрі – интервьюер) толтырады.

4. Титулдық парақтың 1-тармағында қаланың, ауданның (қаланың) және елді мекеннің (округтің) атауы көрсетіледі.

2-тармақтан 5-тармаққа дейін супервайзерлер (интервьюерлердің жұмысын бақылауды қамтамасыз ететін статистика органының қызметкері) интервьюерлерге ұсынған, зерттелетін респонденттердің тізімдерінде көрсетілген деректемелерге сәйкес толтырылады, 6-тармақта сұхбатты өткізу күні көрсетіледі.

5. Интервьюер сұрақтарды және респондентке арналған жауаптардың нұсқаларын оқиды. Респондент жауапты таңдағаннан кейін интервьюер жауаптың тиісті нұсқасына белгі қояды. Респондент жауабы нұсқасының коды дөңгелектеліп қоршалады.

6. "Респонденттер туралы мәліметтер" 1-бөлімінде респонденттердің жынысы, ұлты, жасы (сауал салу кезіндегі толық жасы), неке жағдайы, білімі, жұмыспен қамтылуы туралы мәліметтер толтырылады.

7. 1-бөлімнің "Респонденттер туралы мәліметтер" 5-сұрағында респонденттің білімінің болуы белгіленеді. Сұрақ оқуды бітірген респонденттерге, сондай-ақ қазіргі уақытта оқып жатқан оқушылар мен студенттерге де қойылады.

1-жолда академиялық немесе ғылыми дәрежесі бар (магистр, ғылым кандидаты, ғылым докторы, PhD докторы) респонденттер белгіленеді.

2-жолда жоғары оқу орнын (институт, академия, университет және басқалар) бітірген респонденттер белгіленеді.

3-жол бойынша жоғары оқу орындарында (ЖОО) оқып жатқан немесе оқыған және оқу мерзімінің жартысын немесе жартысынан артық мерзімі өткен респонденттерге белгіленеді. Жоғары оқу орнында оқу мерзімінің жартысынан аз уақыт оқыған респонденттер түскенге дейінгі білім деңгейін ("техникалық және кәсіптік білім", "жалпы орта білім") белгілейді.

4-жолда кәсіптік лицейді (кәсіптік техникалық мектепті), училищені, колледжді (техникумді) бітірген респонденттер белгіленеді.

5-жолда жалпы білім беретін мектептің 11 сыныбын бітірген респонденттер белгіленеді (қазіргі уақытта училище немесе колледжде (9 сыныптан кейін), жоғары оқу орнында оқиды)).

6-жолда жалпы білім беретін мектептің 9 сыныбын бітірген респонденттер белгіленеді (қазіргі уақытта 10-11 сыныптарда немесе училище, колледжде оқиды; 1992 жылы және одан бұрын толық емес орта мектепті (жеті (8 немесе 9) жазғы мектепті бітірген)).

7-жолда бастауыш мектепті бітірген респонденттер белгіленеді (қазіргі уақытта 5-9 сыныптарда оқиды; 1972 жылы және одан бұрын 4-сыныпты бітірген немесе үшжылдық бастауыш мектептің 3-сыныбын бітірген).

8-жолда ешқандай білім деңгейіне қол жеткізбеген респонденттер белгіленеді

8. "Өз қауіпсіздігін қабылдау және қылмыстылық деңгейін субъективті бағалау" 2-бөлімінде респонденттерге өзінің қауіпсіздігін қабылдауы және өзі тұратын ауданда қылмыстылық деңгейін субъективті бағалауы туралы сұрақтар қойылады.

9. "Сенімділік дәрежесі" 3-бөлімі респонденттердің құқық қорғау органдарына сенімділік дәрежесін сипаттайтын бірқатар сұрақтарды қамтиды.

10. "Құқық бұзушылықтар туралы мәліметтер" 4-бөлімінде респондентке қатысты қылмыстардың жасалуы, оның түрлері мен құқық қорғау органдарының өтініштерді тіркеуі туралы сұрақтардан тұрады.

11. 51-56 сұрақтар 49-сұраққа оң жауап берген респонденттерге ғана қойылады. Теріс жауап бергенде немесе жауаптан бас тартқанда респондентке 50-сұрақ қойылады.

12. Сұхбат аяқталғаннан кейін статистикалық нысан енгізілген мәліметтердің толықтығы мәніне тексеріледі. Қалып қойған сұрақтар немесе жауаптарда түсініксіз жазбалар анықталған жағдайда үй шаруашылығына қайта бару қажет.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК